



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

MATERIALDARY

I KİTAP



I КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА
**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дүйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

халықаралық деңгейде болатын ән байқауларында өзіндік орнын тепкен дарынды бала екендігі облыс қауымына мәлім.

Оқушылармен бірге мұғалімдердің де Білім басқармасы тарапынан өткізілетін «Мәңгілік ел» бағдарламасының аясында Торғайдағы, ал былтырғы жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша Заречныйдағы облыстық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, тәжірибе бөлісу арқылы рухани байлық пен білікті арттырып жүргеніміз де педагогикалық және кітапқа деген аса зор ынтық сезімдеріміздің беріктігінің куәсіндей. Бұл тұрғыда үнемі кітаптар қорымен қамтамасыз ететін және де түрлі мерейлі даталарға ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын насихаттайтын түрлі іс-шараларға бастама жасайтын кітапхана меңгерушісі Ақтоты Катаевнаның да еңбегі зор.

Келер ұрпаққа ата-бабаларымыздың қалдырып кеткен мол және асыл мұрасының бағасын бере білуді үйрету, бойына ерекше дағды ретінде сіндіру міндеті дұрыс атқарылып жатқаны рухани жаңғыру мен жанданудың белгісіндей. Өз тарапымыздан келер ұрпаққа, келесі ғасырға есте қаларлық, рухани азық болатын мәдени, рухани мұра қалдыруға азық жиғаны дұрыс деген пікірдеміз. Адам санасын дұрыс бағытқа бұру үшін кітаптардағы тарихқа үңілу керек, тарихқа үңілу үшін рухани жаңғыруымыз керек. Ендеше, рухани бай, қазыналы, асылдың сынағы болып жүре берейік!

Әдебиеттер тізімі:

1. Абай Құнанбайұлы «Таңдамалы шығармалары»
2. Абай Құнанбайұлы «Қарасөздері»
3. «Егемен Қазақстан» газеті, Қайрат Әбілда, 2018 жылғы 20 мамыр.
4. ҚР Президентінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы, Ақ Орда, 2017 ж.
5. <https://uchitelskaya.kz>
6. Бес арыс//Бес томдық жинақ.-Алматы, 1991.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» – ЖЕКЕ ТҰЛҒАҒА РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Адиятова Ализа Тулепбергеновна,
Султангиреева Нұргүл Серікбаевна
«Затобол мектеп-гимназиясы» ММ
қазақ тілі мұғалімдері,
Қостанай ауданы

Аннотация

Өзектілігі. Бүгінгі күрделенген дүниенің жаһандану үдерісі кезеңінде ұлттық бірегейлікті сақтап қалу ең негізгі мәселенің бірі болып отыр. Жас ұрпақтың бойында ұлттық руханилықты дамыту, ұлттық құндылықтарды сақтау және бірте - бірте жаңғырту арқылы қоғам алдындағы мәселелер оң шешімін табады. Жастардың бойына адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп тәрбиелеуде рухани жаңғырудың сарқылмас қайнары - ұлттық мәдениет шешуші роль атқарады.

Мақсаты: Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесінің маңызын көрсету.

Аннотация

Актуальность. С наступлением эпохи глобализации культурному многообразию человечества брошен вызов со стороны массовой культуры и ответом на него может быть последовательное и постоянное обращение и сохранение национальных культурных ценностей, способствующих позитивному решению стоящих перед обществом проблем. Важным звеном в общей цепи культурного развития является богатая вековыми традициями национальная культура.

Цель: Показать многовековой опыт казахского народа в воспитании подрастающего поколения через приобщение к национально- культурных ценностям.

Abstract

Relevance. The cultural diversity of mankind has been challenged by mass culture with the advent of globalization. It can be responded to the consistent and constant treatment and preservation of national cultural values which contribute to a positive solution of problems people are facing to. An important link in the overall chain of cultural development is rich in centuries-old traditions national culture.

Goal: To show the centuries-old experience of the Kazakh people in the younger generation's education through the introduction to national and cultural values.

Түйінді сөздер: мәдениет, құндылықтар, ұлттық, тәрбие, адамгершілік.

Ключевые слова: культура, ценности, национальный, воспитание, человечность.

Keywords: culture, values, national, education, humanity.

Оқушыларды рухани - адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – қазіргі таңда кезек күттірмес мәселе. Қоғамның болашағы бүгінгі ұрпақтың тәрбиесіне байланысты екені айдан анық, сондықтан оған аса зор жауапкершілікпен қарау - әрбір саналы азаматтың борышы. Бүгінгі мектептің алдында тұрған басты міндет – оқушының ұлттық сана-сезімін оятып, тәрбиелеп қана қоймай, оның бойына халықтық педагогиканы, ғасырлар бойы қалыптасқан тіл, дін, тәрбие, ұлттық салт-дәстүр, үлгі-өнегені, адамгершілік және рухани тәрбиені сіңірту болып табылады. Жастар тәрбиесінің дұрыс жолға түсуі оны қоршаған ортаға, әсіресе отбасы мен ұстаздарына байланысты. Осы орайда Абайдың «Адамның адамшылығы — ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деген сөзі есімізге еріксіз оралады.

Рухани-адамгершілік тәрбие - бұл дұрыс дағдылар мен өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ол ортадағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасы отбасында қалыптасады, оған жақындарының өзара қарым-қатынасы, мінез-құлқы әсер етеді. Қазіргі таңда елімізде ұлттық кодты жаңғыртып, жастарды тәрбиелеудің жаңа тетіктері қарастырылуда. Дамыған отыз елдің қатарына еніп, алдыңғы қатарлы мемлекеттермен йық теңестіру – Елбасымыздың, елім, жерім дейтін әрбір азаматтың мақсаты, әрі бағзы замандардан бостандықты аңсап, ақ найза ұшымен, ақ білек күшімен Тәуелсіздікке қол жеткізген бабаларымыздың арманы екені баршаға мәлім. Мемлекетіміздің іргетасы берік болсын десек, мемлекет құраушы халық - қазақ халқы рухани үстемдікте болуы тиіс. Біздің жас мемлекетіміз бәйтерек іспеттес, ал жемісті ағаш мәуелі болуы үшін тамыры тереңге бойлауы шарт. Демек, ертеңгі ел тізгінін ұстайтын жастарды білім нәрімен сусындатып, тарихымыз мен мәдениетімізді насихаттау арқылы жақсы қасиеттерді бойларына дарытып, тәлім-тәрбие, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беру - білім ордаларындағы басты міндеттердің бірі.

Бұл мәселе төңірегінде ХІ ғасырда өмір сүрген Қашғар билеушісі Тағаш Боғраханға табыстаған өзінің «Құтты білік» дастанында есімі бүкіл Шығыс елдеріне мәшһүр Жүсіп Баласағұн: «Кісіге екі дүниеде пайдалы нәрсе: Ізгі іс немесе мінезі түзулік. Екіншісі – ұят, үшіншісі – әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады,- деп ой қозғаған.

Автордың ойынша, Кемел мемлекетте өмір сүру үшін адам да өзінің кемелдену жолын іздеуі қажет. Алдына мақсат қойып, өзін-өзі тәрбиелеу, бойындағы жақсы- жаман қасиеттерін танып білу, жақсылығын асырып, нәфрәтлі жауыздықтан бойыңды аулақ ұстау – адамды өмір бойы алға жетелейтін жолсерігі іспеттес.

Адамгершілік – әр адамға тән асыл қасиеттер. Адам баласының бойында ізгілік пен адамгершілік қасиеті өзінен-өзі туындамайды. Ол қасиет отбасында, ортада, мектепте, айналадағы адамдармен қарым-қатынасында қоғамдық тәрбиелермен

қалыптасады. Халықта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген мақал бар. Бұрын қыз баланың тәрбиесіне, жүріс-тұрысына, киген киіміне дейін аса мән беріп отырған. Қыз бала үйге жақындап, шолпының сыңғыры естілген кезде, үлкендер арасында жағымсыз әңгімелер, дөрекі сөздер тыйыла бастаған, өйткені әйел бір қолымен бесік тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді. Қазақ баласын үш-ақ сөзбен тәрбиелеген: ұят болады, жаман болады, обал болады. Отбасында әке мен шешенің әрбір сөзі, мінезі, көзқарасы, қызығушылығы, әдеттері - балаға өнеге. Осыны бабаларымыз жете түсінген.

Қазіргі уақытта жастар арасында батысқа еліктеу, батыс жұлдыздарын «пір тұту» басым. Өз қазағымыздың мәдениетін менсінбей: «Бізге қазақ тілі болшақта керек емес», - дегенін естігенде, төбе шашың тік тұрады. Мұндай отбасында ата-ана өз міндетін баланы материалдық тұрғыдан қамсыздандыру деп ұғынатын шығар. Жасыратыны жоқ, көркем әдебиетке қызығушылық танытып, кітаптан бас алмай, әңгімелер, романдар оқитындар қазіргі кезде некен-саяқ. Дана халқымыз «Ағаш түзу, әдемі болып өсу үшін оны көшет кезінде баптау керек, ал қисық ағаш болып өскенде оны түзете алмайсың» деп бекер айтпаған, сондықтан да біз бүгінгі ұрпағымыздың бойына ата-бабамыздан қалған бай мұрамыз бен салт -дәстүрлерімізді, ұлттық құндылықтарымызды сіңіріп, аумалы –төкпелі заманда бірегейлігімізді сақтап қала аламыз. Балаға тәрбие ана сүтімен даритын қасиет, есейе келе ұлттық рухта тәрбиеленген жастар ертеңгі күні ел үмітін ақтайтынына сенім мол. «Бөрілі менің байрағым» деген Сүйінбайдың өлеңінде:

«Бөрілі байрақ көтерсе,

Қозып кетер қайдағым», - деген жолдарынан елім, жерім деп еңіреген боздақтарымыз ел басына күн туған кезде намысты қолдан бермегені баршамызға аян. Ата- бабаларымыздан шыққан нағыз ерлердің ерлігін білген жастар елінің болашағына немқұрайлы болуы мүмкін емес. Елімізде белең алып бара жатқан көптеген жайттар - тілін, салт- дәстүрін, тарихын білмеу, қарттар үйіндегі ата-әжелер – бұның барлығы, сайып келгенде, қазақы тәрбиені білмеген, ұлттық үлгі - өнеге алмаған адамның әрекеті. Жас ұрпақ «Отан үшін еңбек етсең, халқыңның сүйген ұлы боласың» деген сөзді көкейіне түйіп, еліміздің гүлденуі, өркениетті мемлекеттер қатарына қосылуы бірлігіміз мықты, елдігіміз берік болған жағдайда жүзеге асатынын есінен шығармауы тиіс. «Атадан ұл туса, құл боламын деп тумады, анадан қыз туса, күң боламын деп тумады» дей отырып, қазақ халқының өз елін, жерін қорғаудағы Әлия мен Мәншүктің ерлігін, тілге жүйрік, сөзге шешен хас батыр Бауыржан сынды жанын аямайтын патриоттығын көрсетеді. Жастардың санасына осындай ұлағатты сөздерді сіңіру арқылы оның өз ата-тегін, ұлтын, халқын сыйлауға, Отанын сүйуге, өз еліне деген мақтаныш сезімін оятуға бағыт береміз.

«Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана...» [1]

«...Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені, жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Абайды оқып отырып-ақ, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Сорлатқанда біреудің уақыты жетпейді, біреудің ұғымы жетпейді, біреудің атымен зауқы жоқ. ...Қазіргідей заманда Абай жырларына айына емес, аптасына емес, күніне бір үңіліп қоймай болмайды. Сонда жан қинап жүрген қай күмәннің де бәріне жауап таба аласың». Бұл сөздер әрбір адамның дұрыс жетілуіне кепіл болатын, қоғам өмірінде басшылыққа алатын бағдарламалық ойлар тәрізді [2].

Әрине, ұлы адамдардың шығармаларымен сусындаған ұрпақ тарихқа, туған еліне тағзым етіп, халқының, адамзаттың тағдырына бейжай қарай алмайды.

Абай шығармаларын жастарға ұғындыру, терең ойлы лирикасына сүйсіндіру – ұстаздың парызы. Өмірде кездесетін сұрауларға Абайды оқып, жауап алуға болады, туындаған мәселелердің шешімін табуды да үйретеді десек асылық емес. Жас ұрпаққа Абай шығармашылығы оқытып қана қоймай, философиясын насихаттау арқылы «рухани тазаруға» болады. «Адамзаттың бәрін сүйетін» жан өзге адамдардың тілі мен ділін мансұқтамайды, қарап отырсақ, жер бетіндегі ұлтаралық қақтығыстар, бірін-бірі алдау - арбау сол жандардың адами құндылықтарға зәру екендігін көрсетеді.

«Ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды». Түркілердің тағы бір ерекшелігі – олар ағылшындар мен голландтықтар және испан конкистадорлары сияқты өздері жаулап алған жердегі халықтарды жаппай қырып-жойып, геноцид жасаған жоқ. Себебі, түркілер алдымен үлкенді сыйлап, аруаққа тағзым еткен және зұлымдық дегенді білмейтін табиғат діні Тәңірге табынса, соңынан адамды ұлты мен нәсіліне бөлмей, барлығын ағайын деп қарайтын [3].

Професор Мекемтас Мырзахметтің айтуынша, адамгершілік пен пен ізгілік ілімі қазақ жерінде қалыптасқан, ғалым осы «ұлттық кодты» қазақтың бойындағы асыл қасиеттер - ізгілік, адамгершілік, рақым екенін көрсеткен. «Бір жылдығын ойлаған бидай егеді, он жылдығын ойлаған тал егеді, мың жылдығын ойлаған ізгілік егеді» деген халқымыз отбасында жас ұрпақ пен аға буын арасында, жақын, ағайын-туыс қарым-қатынасы арасындағы асыл қасиеттердің маңызын түсінген. Осы қағиданы бала бойына сіңіруден жалықпаған дана халқымыздың көрегендігі, міне, осында жатыр.

Шынында, халқымыз бір үзім нанды бөліп жеп, ешқашан адам баласын жатсынбаған, бөтенсінбеген. «Абай жолы» романында жатақтардың асыл азаматы Базаралы ауылдағы жоқшылыққа қармай, кедей орыс переселендері Афанасий, Дарья, Феклаларды туған бауырындай қарсы алып, туғандарының ауызынан жырып, жалғыз марқасын сойып, қонақ еткені осыған дәлел. «Қазақ осы: Қарасың ба, қоңырсың ба, ақсың ба, – жатырқауды білмейтін» деген өлең жолдары халқымыздың бойындағы асыл қасиеттерді айғақтайды. Қадір Мырзалиевтің «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» деген өлеңі «ұлттық код» не деген сұрақтың толық жауабы іспеттес. Бұл ұғымға қазағымыздың кең пейілділігі, дарқан мінезі, өнерді бағалап қастерлеуі, ұрпағымыздың бойында ізгі қасиеттер қалыптастыратын салт- дәстүрі - бәрі сыйып тұр.

Біздің әдебиетіміз бен мәдениетіміз, салт – дәстүріміз бен өнеріміз - рухани жаңғырудың сарқылмас қайнары. Жастар сол қайнар бұлақтан тәлім алып, өзіне қажет рухани азықты таба білсе, өмір бой ізденімпаз, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасады. Ал ондай тұлға алдамшы мансап пен байлыққа қызықпай, өмірде өз орнын таба білері анық.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – БОЛАШАҚҚА ТАБЫСТЫ ҚАДАМ

Акижанова Асель Жаксыбаевна,
НиязбаеваБотагозБакытжановна,
М.Қозыбаев атындағы №23 ОМ

Аннотация

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында қазіргі қазақ қоғамының алдына айрықша маңызды мәселелерді қойды. Соның ішінде қазақ тілінің 2025 жылы латын қарпіне көшірілуі игі қадам. Мұндай қадам отандық ғылымның жаңа көкжиектерін ашады, жаһандық ғылыми өлшем базаларына тезірек кіруге мүмкіндік туғызады. Өйткені адамзаттың көп бөлігі құрылымы латын графикасына негізделген латын таңбасын қолданады. Бүгінде дүниежүзіндегі аса өзекті ақпараттар ағымының 70 пайызы латын графикасымен беріледі. Латын әліпбиіне көшу түркі тілдес елдерді

МАЗМУНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

| | |
|--|----|
| <i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i> | 3 |
| <i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i> | 6 |
| <i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i> | 10 |
| <i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i> | 13 |

СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

| | |
|---|----|
| <i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i> | 16 |
| <i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i> | 19 |
| <i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i> | 22 |
| <i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i> | 25 |
| <i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i> | 28 |
| <i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i> | 30 |
| <i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i> | 35 |
| <i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i> | 40 |
| <i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i> | 43 |
| <i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i> | 46 |
| <i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i> | 50 |
| <i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i> | 53 |
| <i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i> | 58 |